

ӘОЖ 33.332

Шығыс-Қазақстан аймағының экономикалық потенциалын талдау

Нұржанова Жұлдызай Нұржанқызы

nurzhanova99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультетінің

Ә-21 студенті, Нур-Султан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б.Майдырова

Әрбір мемлекет, әрбір басшы өз елін басқару кезінде аймақтар арасында тұрақтылықты қалайды. Оны біз елбасы жолдауларынан, бағдарламаларынан көріп жүрміз. 2014 жылы қолданыстағы салалық бағдарламаларды оңтайландыру мақсатында Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бірыңғай бағдарламасы қабылданған болатын. Бірыңғай бағдарламаға «Аймақтарды дамыту», «Моно-қалаларды дамыту», «Ақбұлақ», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту», «Қолжетімді баспана–2020», сондай-ақ шағын қалаларды дамыту бағдарламасының жобасы енгізілген еді. Бағдарлама еліміздің ұтымды аумақтық ұйымын қалыптастыру жолымен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау, халық капиталын экономикалық өсімі жоғары орталықтарға шоғырландыруды көздейді. Осы бағдарламалар негізінде әрбір аймаққа міндеттер жүктеп, әл-ауқатты көтеруді көздеді. Сондықтан осы мақалада Шығыс Қазақстан аймағының даму қарқынын, потенциалын қарастыруды жөн көрдім.

Шығыс Қазақстан-көптеген қатынастарда Ресей, Қытай және Моңғолияның түйіскен жеріндегі бірегей аймақ. Бұл Кенді Алтайдың орталығы, сауда жолдарының ежелгі торабы, мәдени және саяси қиылыстар. Бүгінде ол инновациялық экономиканың "тірек нүктелерінің" бірі Тәуелсіз Қазақстанның қуатты өнеркәсіптік өңірі болып табылады. Облыстың аумағы – 283,3 мың шаршы км (Қазақстанның аумағының 10,2%).

Облыста 19 әкімшілік – аумақтық бірлік саналады, соның ішінде 15 аудан, 10 қала, 754 ауыл мен кент, 246 ауылдық және кенттік округтер Облыстың негізгі қалалары – 316,9 халығымен және 313,7 мың тұрғын тиісінше Өскемен және Семей. Сонымен қатар 4 моноқала бар: Курчатов (ғылыми – өнеркәсіп орталығы), Серебрянск (химиялық өнеркәсіп), Риддер және Зырян (метал кендерінің өндіру), және 4 шағын қала: Аягөз (көліктік торап), Шар (цементтік өнеркәсіп), Зайсан (ауыл шаруашылық, туризм), Шемонаиха (тау –кен өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы). (1 сурет). [1].



Сурет 1 – Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік бөлінісі

Облыс халқы 2018 жылдың 1 қаңтарына 1383,6 мың адамды құрады. Халықтың тығыздығы орта есеппен облыс бойынша 1 шаршы км-ге 4,9 адамды құрайды. Демографиялық жағдайға қатысты тұрғындар жастардың (24,3%) төмен үлес салмағы есебінен қартаюға беталысы бар.

Демографиялық жағдайға әсер ететін негізгі факторлары туушылықтың төмен деңгейі - 17,14 (ҚР – 23,20), өлімнің жоғары деңгейі - 10,42 болып табылады, бұл орта республикалық көрсеткішті 1,4 сатыға көтереді (ҚР – 7,65). Тұрғындардың жас көрсеткіштері бойынша 65 жас және одан үлкен жастағы 9,8% тұрғын, сол уақытта 0 – 4 және 5-19 жастағы топтарда тұрғындар үлесі 27,2% құрайды. Әйелдер үлесі - 52,4%, еркектер – 47,6%.

Тұрғындар құрылымында жоғарға үлестегі екі ұлт бар: қазақтар – 58,8%, орыстар – 37,6%. Өзге ұлттарға татарлар, немістер, украиндар, беларустар, шешендер, азербайжандар, және басқа да ұлттар үлесі 3,6% келеді.

Миграциялық жағдайға тоқталсақ 2018 жылға миграциялық ауысу нәтижесінде облыста 15517 адам көшіп кетсе, 7449 адам келді. Сыртқы және ішкі көшіп – қону нәтижесінде 8 мыңнан астам адам кетуі қалыптасты.

Көшіп – қонудың оңды сальдосы Өскемен - 1210 адам, Риддер - 80, Курчатов – 296 қалаларында, Глубокое – 154, Ұлан аудандарында - 36 адам .

Көшіп кету Республиканың басқа облыстарына (11835 немесе 76,3% жалпы көлемі), таяу шетел (3559 немесе 22,9%), алыстағы шетел елдеріне шығуымен негізделді (3682 немесе 23,7%).

Өңірдің урбанизация деңгейі 59,3% қалаларда, қалғаны 40,7% тұрғыны ауылдық жерлерде тұрады. (Кесте 1) [2]

Кесте-1. Шығыс Қазақстан облысының әлеуметтік – экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштер серпіні


№ р/с	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	ЖӨӨ көлемі	млн.теңге	1819547,8	2072410,8	2288551,2

2	Халықтың жан басына шаққанда ЖӨӨ көлемі	мың теңге	1305,1	1468,9	1640,9
3	Өнеркәсіп өнімінің көлемі	млн.теңге	965714,8	998700,7	1115635,5
4	Ауыл шаруашылықтағы жалпы өнім көлемі	млн.теңге	237221,7	287755,2	294045,9
5	Негізгі капиталға инвестициялар көлемі	млн.теңге	266194,4	301168,1	345499,2
6	Құрылыс жұмыстар көлемі	млн.теңге	118207,9	137601,8	145050,5
7	Экспорт	млн. АҚШ долл.	2658,4	2110,5	1961,5
8	Импорт	млн. АҚШ долл.	1078,9	1325,7	1302,3
9	Номиналды ақшалай кіріс	мың теңге	47,0	51,9	56,0
10	Инфляция деңгейі	%	106,1	104,5	107,4
11	Жұмыссыздық деңгейі	%	5,1	5,1	4,8
12	Екінші деңгейдегі банктермен берілген несиелер көлемі	млн.теңге	250590	335485	367484
13	Депозиттер көлемі	млн.теңге	166332	185607	209293

Ескерту: Қазақстан Республикасының ұлттық статистика комитеті// stat.gov.kz

2017 жылы Республиканың ЖІӨ жалпы көлеміндегі облыстың ЖӨӨ үлес салмағы 5,9% құрады. Аймақтар бойынша облыс Алматы (20,9%) мен Нур-Сұлтан (10,3%) қалаларына, Атырау (10,2%), Қарағанды (7,5%) және Оңтүстік – Қазақстан (6,1%) облыстарына жол беріп республикада 6 орын алады.

Облыстың экономикасында тауарлар өндірісінің үлесі 42,6%, қызметтер үлесі – 57,4% жетті (2 сурет).



Сурет 2 – 2016-2017 жылдарға жалпы өнірлік өнім құрылымы,%

2018 жылы мемлекеттік бюджетке 303,2 млрд. теңге түсті, оның ішінде республикалық бюджетке 193,5 млрд. теңге (болжамға 109,6%), жергілікті бюджетке – 109,6 млрд. теңге (болжамға 102,8%) түсті.

Шығыс Қазақстан аймағындағы халықының әлеуметтік жағдайын қарастыратын болсам, 2018 жылғы орташа айлық жалақы 133 580 теңгені құрады, бұл 2017 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 11,1%-ға жоғары. 2017 жылы тіркелген жұмыссыздық деңгейі – 4,8%.

Шығыс Қазақстан аймағында халықтың жағдайын көтеру мақсатында әлеуметтік салаға 167,0 млрд. теңге қарастырылған (жалпы бюджеттің 49,4%), оның ішінде білім беру жүйесіне – 110,6 млрд. теңге, денсаулық сақтау жүйесіне – 11,5 млрд. теңге бөліні.

Өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 1 867,3 млрд. теңгені құрады. 2017 жылдағы осы көрсеткішті өткен жылмен салыстырсақ нақты көлем индексі – 109,3% құрайды.

Шығыс Қазақстан аймағындағы шағын және орта кәсіпкерлік саласында жұмыс істеп тұрған субъектілердің саны 87,7 мың бірлікті немесе өткен жылмен салыстырғанда 109,6% құрады.[3]

Шығыс Қазақстан аймағы шикізат өндірісіне маманданғандықтан, мұндағы шикізаттар шет елге сатылады. Яғни, 2018 жылы сыртқы сауда айналымы 1 926,5 млн. АҚШ долларын құрады немесе 2017 жылдың деңгейіне қарағанда 80,0% құрады, оның ішінде тауарлар экспорты – 1 162,7 млн. АҚШ долларын (32,8%-ға төмен), импорт – 763,8 млн. АҚШ долларын (12,7%-ға өсім) құрады. Осыған қарап, Шығыс Қазақстан облысы елдің дамыған индустриялық-аграрлық өңірі деп атауымызға болады.

ШҚО-ның инфрақұрылымы жағынан дамуға жоғары потенциалы бар өңір болып табылады. Орталықтандырылған сумен облыстың 71% ауылдық мекені қамтылған, тұрғындардың 29,8%-ы жер асты және жер бетіндегі су көздерінің суын, 0,03%-ы тасып жеткізілетін суды пайдаланады. Осыған сәйкес, 2017 жылы орталықтандырылған сумен қамту және су бұру мақсатында 14,1 млрд.теңгеге 51 жоба іске асырылды, оның ішінде 35 жоба аяқталды, 16 жоба 2018 жылға өткен. [3]

Өңірдегі өнеркәсіптің басым саласы – түсті металлургиядан басқа, машина жасау, энергетика, химия және ағаш өңдеу, жеңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарынан, құрылыс материалдарын өндіруден тұрады.

Өнеркәсіпті дамытумен қатар, облыстың табиғи-климаттық әлеуеті агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қолайлы. Облыс аудандары мал мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін шығару бойынша мамандандырылған.

Қалыптасқан базалық мамандануымен қатар, облыс бірегей туристік әлеуетке ие. Туризмді дамыту аймақтарының негізгі басымдылықтары анықталған, соған сәйкес облыс өңірлері:

- 1) Зырян, Үржар, Күршім, Ұлан аудандары – жағажай туризміне;
- 2) Риддер қ., Глубокое, Зырян аудандары – тау шаңғысы, спорт және жаяу туризміне;
- 3) Өскемен қ., Семей қ., Абай, Тарбағатай, Ұлан, Катонқарағай, Зайсан аудандары – тұрмыс-салт, мәдени-танымдық туризмге;
- 4) Күршім, Ұлан, Көкпекті, Тарбағатай аудандары – аң аулау туризміне;
- 5) Риддер қ, Күршім, Катонқарағай аудандары – ауыл туризміне;
- 6) Риддер қ., Катонқарағай, Күршім, Шемонаиха, Көкпекті, Глубокое, Ұлан аудандары, Семей қ. – экология туризміне;
- 7) Катонқарағай, Үржар аудандары, Өскемен қ. – емдеу-сауықтыру, медицина туризміне;
- 8) Курчатов қ. – техногендік туризмге мамандандыруға болады және ол үлкен нәтиже береді деп ойлаймын.

Сонымен, Шығыс Қазақстан – барлық жағынан алғанда бірегей өңір, соның ішінде инвестициялық тартымдылығы және экономикалық қызметтің көптеген салаларында өзара ынтымақтастыққа қызығушылықты арттыруда.

Өңір қойнауларында пайдалы қазбалардың алуан түрлі шоғырланған түсті және кара, асыл, сирек және сирек жерлік металдар, көміртегі (көмір, жанатын тақтатас, мұнай, газ), руда емес шикізат және минерал сулары. Бірақ осы уақытқа дейін өткізілген геологиялық барлау жұмыстары бір километрден аспайтын жер қабатын қамтыған, және осы қабатта анықталған қорлар кейбір кен орындары бойынша таусылған, ал қалғандары бойынша қолданыстағы өндіріс қуаттарын тағы 20-25 жылға қамтамасыз етеді. Сондықтан, өңірдің ғана емес, сонымен бірге жалпы Қазақстанның экономикасын дамыту үшін қажетті

пайдалы қазбалардың орасан және бірегей жаңа кен орындарын анықтау мүмкіндігі бар терең жер астында келешекке қуатты геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу қажет.

Негізгі саласы түсті металлургия болып табылатын өңірдің өнеркәсіп секторы, шикізатты бағытта. Осы өнімдердің түрлері бойынша дайын бұйымдар шығаруға үлкен мүмкіндік бар. Өңірде энергетикалық мүмкіндіктердің сарқылмайтын әлеуеті бар. Жыл сайынғы электр қуатын (шамамен 8 млрд. кВт сағ.) өндіру көлемінің 70%-ы су электр станцияларына, ал қалғаны - жылу электр станцияларына тиесілі.

Маңызды бас артерия - Ертіс өзені мен оны тармақтарында қажетті электр қуатын өндіруге жеткілікті мүмкіндік бар және оны өндірудің өзіндік құны жылу станцияларына қарағанда әлдеқайда арзан және мұндай мүмкіншілік Қазақстан өңірлерінің ішінде тек қана осы облысқа тән. Сондықтан өңір өзендерінде орта және шағын су электр станцияларының құрылысы қажет. Мұнымен қатар осы бағытта басқа электр қуатын өндірудің (күн, жел) балама (қалпына келтірілетін) көздерін пайдалану бойынша жобаларды іске асыруға болады.

Бүгінгі күні экономиканың жеткілікті дамыған секторларының бірі ауыл шаруашылығы болып табылады. Осы бағытта мал өнімділігін жоғарлату мақсатында жайылымның тиімділігін жоғарлатудың маңызы зор.

Алайда, суландыру деңгейі төмен болғандықтан көптеген жайылымдар тиімді пайдаланылмайды. Осыған орай, терең су ұңғымаларын бұрғылау арқылы малды суғару үшін сумен қамтамасыз ету қажет.

Өңірдің ауыл шаруашылығы негізінде мал шаруашылық бағыты және тек қана мал шаруашылығымен айналысатын ауылдық өңірлер бар. Сонымен қатар, осы өңірлерде мал шаруашылығы өнімін терең қайта өңдеу кәсіпорындары дамыған жоқ.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар технологиялық құрал-жабдық және технология деңгейі бойынша қазіргі талаптарға сәйкес келмейді және қайта құру мен жаңартуды қажет етеді. Тағы қоса кететін жайт өңірдің дамуына ең ықпал ететін кілт ол туризм дамыту. Туризм ел дамыту мен қатар ел бюджетіне қомақты қаржы құйылуына көмектесін басты күш деседі болады. Бірақ туристік нысандарға баратын жолдарды жөндеу және жол бойындағы қызметті жақсарту қажет, өкінішке орай, ешқандай сын көтермейді. Бүгінгі таңда туризм саласындағы тағы бір ауқымды мәселе кадрлардың жетіспеушілігі болып отыр. Тағы бір менің ойымша мәселе ол туристік базалардың барлық иелері жеке әрекет етеді, Клиентті 10 күн бойы ұстап тұруға тырысады. Бұл туристің қызығушылығының жоғалуына алып келеді. Сондықтан турбаз иелері кооперациялау, тuroператорлармен бірлесіп қызықты туристік маршруттар жасау қажет деп ойлаймын. [4]

Қорытындылай келе, Шығыс Қазақстан аймағы қандай салаға болсын ыңғайлы, болашақта даму қарқыны жоғары аймақ. Бірақ та қандай аймақ болмасын кез-келген салаға мамандануға қабілетті. Тек оның көзін табу біздің қолымызда деп ойлаймын. ҚР дамыту және оны абыроймен атқару баршамыздың абыройлы міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы «Өңірлерді дамыту 2020» бағдарламасы
2. Қазақстан Республикасының ұлттық статистика комитеті// stat.gov.kz
3. Шығыс Қазақстан Облыс әкімінің ресми сайты// www.akimvko.gov.kz
4. Алексей Иконников. «Потенциал Восточного Казахстана»// журнал «Центр Азии» №21-24